

Электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 45/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 мамырда № 16883 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 2-1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына жолдауды;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі*

Б. Атамқұлов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы

_____ К. Мәсімов

17 сәуірдегі 2018 жыл

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрінің
2018 жылғы 16 наурыздағы
№ 45/НҚ
бұйрығымен бекітілген

Электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 17-бабы 2-1-тармағының 4) тармақшасының негізінде әзірленді және электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына берудің тәртібі мен мерзімдерін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілері (бұдан әрі - АКИАМО) - жұмыс істеуінің бұзылуы немесе тоқтауы қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді және заңмен қорғалатын құпия қамтылған өзге де мәліметтерді заңсыз жинауға және өңдеуге, әлеуметтік және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайға немесе қорғаныс, қауіпсіздік, халықаралық қатынастар, экономика, шаруашылықтың жекелеген салалары үшін немесе тиісті аумақта тұратын халықтың тыныс-тіршілігі, оның ішінде: жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау, өнеркәсіп, денсаулық сақтау, байланыс, банк саласы, көлік, гидротехникалық құрылыстар, құқық қорғау қызметі, "электрондық үкімет" инфрақұрылымы үшін елеулі теріс салдарларға алып келетін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілері;

3) жедел резервтеу – қосымша бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану және оларды белсенді режимде ұстау және (немесе) нақты уақыт режимінде (немесе 1 сағатқа кідірумен нақты уақытқа жақын) өзгерістерді беруді және ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік техникалық қызмет (бұдан әрі – "МТҚ" АҚ) - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам;

5) резервтік көшірме – резервтік көшірме – жоғалту, зақымдау, бұзу, немесе заңсыз өзгерту, жою жағдайында деректердің бастапқы және қажет болған жағдайда олардың орналасқан жаңа орнын қалпына келтіру үшін жобаланған электрондық тасымалдағышта мәліметтер базасы көшірмесін және қажет болған жағдайда қолданбалы бағдарламалық қамтылым жасау процесін сәтті аяқтаудың нәтижесі;

6) ұзақ мерзімді сақтау – электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін екі жылдан арттық сақтау мерзімімен электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына бір реттік беру;

7) іске қосусыз резервтеу – деректерді қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істеп тұрған немесе сөндірілген электрондық ақпараттық ресурстар операциялық жүйе құралдарымен резервтік көшірме жасау;

8) электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасы (бұдан әрі – БҰРП) – электрондық ақпараттық ресурстардың сақталуын қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда деректерді қалпына келтіру мақсатында, олардың резервтік көшірмелерін сақтауға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау Электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. АКИАМО иесі электронды ақпараттық ресурстардың (бұдан әрі – ЭАР) резервтік көшірмелерін осы Қағидаларға сәйкес тәртіпте БҰРП-ға береді.

5. "МТҚ" АҚ АКИАМО иелеріне ЭАР резервтік көшірмелерін БҰРП-ға беру қажеттілігі туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. АКИАМО иелері "МТҚ" АҚ-дан ақпаратты алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күннен кешіктірмей "МТҚ" АҚ-ға әрбір ЭАР бойынша:

1) резервтік көшірудің ағымдағы мерзімділігі туралы ақпаратты қамтитын құжаттың көшірмесін;

2) Осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысанда техникалық сипаттама туралы мәліметтерді жібереді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Занның 6-бабының 4) тармақшасына сәйкес бекітілетін АКИАМО тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) және әрбір АКИАМО иелерінен алынған ақпарат негізінде "МТҚ" АҚ уәкілетті органмен келісім бойынша БҰРП-ға беру үшін ЭАР резервтік көшірудің мерзімділігін белгілейді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. "МТҚ" АҚ АКИАМО иелеріне 20 (жиырма) жұмыс күн ішінде танысу мен орындау үшін жазбаша ресми түрде мынадай мәліметтер жолдайды:

1) ЭАР атауы;

2) БҰРП-ға беру үшін резервтік көшірудің мерзімділігі;

3) АҚҰҰО-ға қолжетімділік алу үшін мәліметтер.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. "МТҚ" АҚ резервтік көшірмелерін беру үшін АҚҰҰО АКИАМО иелеріне АҚҰҰО-ға қолжетімділік береді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. АКИАМО иелері өз қаражаты есебінен, АКИАМО иелерінің барлық инфрақұрылымының толық жоғалту (жойылу) жағдайларын есепке ала отырып, БҰРП-да сақталатын резервтік көшірмелерді АКИАМО-ның қалпына келтіруі үшін жеткілікті көлемде, БҰРП-ға ("МТҚ" АҚ) ЭАР резервтік көшірмелерін (сондай-ақ ЭАР-ға құжаттама, нұсқаулық көшірмелерін, конфигурация файлдарын және тағы басқа) дербес беруді ұйымдастырады. АКИАМО-ның резервтік көшірмелерінің берілуі, БҰРП-ға резервтік көшірмелерді қабылдау уақытша кейінге шегеру жағдайларынан басқа, "МТҚ" АҚ-дан ресми хабарлама алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күн ішінде іске асырылады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Резервтік көшірме шифрланған түрде берілген жағдайда, шифрлау кілттері мен құралды шифрлау жүргізілген құралдар шифрді ашу үшін ЭАР иелері жағында барлық инфрақұрылым жоғалған жағдайда қалпына келтіру мүмкіндігі үшін электрондық түрде "МТҚ" АҚ-ға беруге жатады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 27.04.2023 № 83/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. "МТҚ" АҚ ЭАР резервтік көшірмелерін қабылдауды:

- 1) техникалық ресурстардың жетіспеушілігі;
- 2) техникалық құралдардың АКИАМО иелері талап ететін құралдармен үйлеспеуі;
- 3) серверлік, желілік жабдыққа, деректер базасын басқару жүйесіне және бағдарламалық қамтылымға лицензиялардың болмауы;
- 4) техногенді және басқа да күтпеген жағдайлардың туындауы жағдайында уақытша тоқтатуды іске асырады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. ЭАР резервтік көшірмелерін қабылдауды уақытша тоқтату үшін негіз "МТҚ" АҚ уәкілетті орган мен АКИАМО иесіне себебін көрсете отырып ЭАР резервтік көшірмелерін беру процесін тоқтата тұру қажеттілігі туралы жіберген ақпарат болып табылады. ЭАР резервтік көшірмелерін қабылдауды уақытша тоқтату мерзімі уәкілетті органмен келісім бойынша осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген жағдайлар жойылғанға дейін белгіленеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Электронды ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беру мерзімдері

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. БҰРП-ға ЭАР резервтік көшірмелерін беру мерзімдері:

1) бірінші кластағы ЭАР және деректер базасы үшін – жедел резервтеу кезінде нақты уақыт (немесе 1 сағатқа кідірумен нақты уақыт режиміне жақын) режимінде және толық аяқталғанға дейін іске қосусыз резервтеу кезінде резервтік көшіруді аяқтау сәтінен бастап 24 сағаттан кешіктірмей резервтік көшірмені беруді бастау;

2) екінші кластағы ЭАР үшін – толық аяқталғанға дейін іске қосусыз резервтеу кезінде резервтік көшіруді аяқтау сәтінен бастап 48 сағаттан кешіктірмей резервтік көшірмені беруді бастау;

3) үшінші кластағы ЭАР үшін – толық аяқталғанға дейін іске қосусыз резервтеу кезінде резервтік көшіруді аяқтау сәтінен бастап 72 сағаттан кешіктірмей резервтік көшірмені беруді бастау.

ЭАР класы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 135 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерін тіркеу мемлекеттік тізімінде № 13349 тіркелген) Ақпараттандыру объектілерін сыныптау қағидаларына және ақпараттандыру объектілерінің сыныптауышына сәйкес айқындалады.

16. ЭАР Тізбеден алынған жағдайда АКИАМО иесі "МТҚ" АҚ-дан ақпарат алған күннен бастап 24 сағат ішінде АҚҰҰО-ға ЭАР резервтік көшірмелерін беруді тоқтатады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Электронды ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды бірыңғай ұлттық резервтік сақтау платформасына беру қағидалары мен мерзімдеріне қосымша
Нысан

Электрондық ақпараттық ресурстардың техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.10.2022 № 399/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	ЭАР толық атауы	Операциялық жүйе (нұсқа)	ДҚБЖ / БҚ / ҚБҚ (атауы / нұсқасы)	Деректер қорының өлшемі, Гб	Резервтіккөшірме (дамп) өлшемі, Гб	МҚ көлемінің жоспарлы жыл сайынғы ұлғаюы, Гб
---	-----------------	--------------------------	-----------------------------------	-----------------------------	------------------------------------	--

Кестенің жалғасы

Сервердің CPU саны	Сервердің CPU жүктемесі (%)	Сервердің ЖЖҚ көлемі, Гб	Резервтіккөшірме құралдары	АКИАМО иесі	ЭАР класы	ЭАР жауапты тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты/ телефоны
--------------------	-----------------------------	--------------------------	----------------------------	-------------	-----------	--

Қысқартуларды декодтау туралы ескертпе:

ДҚБЖ – мәліметтер қорын басқару жүйесі;

БҚ - бағдарламалық қамтылым;

ҚБҚ – қолданбалы бағдарламалық қамтылым;

CPU – компьютердің орталық процессоры;

Гб - гигабайт;

ДҚ – деректер қоры;

ЖЖҚ – жедел жады құрылғысы;

ЭАР – электрондық ақпараттық ресурс